

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 14 тамыздағы N 770 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 15 қыркүйек N 887. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.03.19. N 274 қаулысымен.~P990274

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Мемлекеттік органдар қызметкерлерінің шетелге іссапарға шығуын тәртіпке келтіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 14 тамыздағы N 770 P980770_ қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

2-тармақтағы "Министрліктердің" деген сөз кіші әріппен басталып, оның алдынан "Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі мен оның орынбасарларының, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Басшысының, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің, шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссия делегацияларының, жұмыс топтары мен сарапшылардың ресми және жұмыс іссапарларын әзірлеуге, оның ішінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттерінің басшылары мен үкіметтері басшыларының, Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің премьер-министрлері Мемлекетаралық Кеңесі мен Кеңесінің және Орталық-Азия экономикалық қоғамдастығының мәжілістеріне құжаттарды дайындауға қатысты жағдайларды қоспағанда. Бұл жағдайларда лауазымды тұлғалардың іссапары Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің не оның орнындағы тұлғаның рұқсаты бойынша жүргізіледі" деген сөздермен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі